

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының  
Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің  
«Жас туристер станциясы» КММ**

«Бекітемін»  
Бәйтерек АББ ЖТС  
директоры  
  
Г.А.Терехова  
» 2021ж

«Келісемін»  
директордың ОІЖ  
орынбасары  
А.С.Иргусаева  
«\_\_» 2021ж

«Қаралды»  
өлкетану бөлімінің  
менгерушісі  
И.К.Абдрахманов  
» 2021ж

**«Асыл Қазына»  
ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДАФЫ ҮЙІРМЕСІНІҢ  
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ**

Үйірме жетекшісі: А.Н.Габбасова  
Мекен – жайы: Бәйтерек ауданы,  
Переметный ауылы, Гагарина 70  
Байланыс телефоны: 87054333587

2021 – 2022 оқу жылы

## Түсінік хат

### Өзектілігі:

«Асыл Қазына» туристік-өлкетану үйірмесінің бағдарламасы белгілі өнірдің тарихы мен топонимикасы, достық пен бір шаңырақ астында тұрып жатқан халықтардың арасындағы қарым-қатынасы, салт-дәстүрлерінен сыр шертеді. Өлкенің табиғаты мен мекендейдік жануарлары, географиялық орнымен климатына шолу жасап, тарихи-мәдени тұрғыдан зерттеуге негіз бола біледі. Бұл үйірме бағдарламасы елді мекендерін олардың таяу төнірегімен коса зерттеу, өлкеден түлеп ұшқан қоғам қайраткерлері, әдебиет және өнер туындылармен танысып олардың шығу тарихына шолу. Туристік-өлкетану бағытындағы үйірменің негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу. Өлкетану ғылыми ізденімпаздылыққа бастайтын нақты жол.

Ізденістілікпен оқып үйрену барысында үйірмеге қатысуышылар белсенділік танытумен қатар өлкенің тарихымен толық танысып, алған білімдерін оку барысында қолданады.

Білімдерін танымдық іс-әрекеттерін күнделікті өмірде пайдаланумен қатар болашаққа қажетіне жаратады. Өзі тұған өлкесі туралы оқып үйреніп тарихи ұғымдарды қалыптастырады. Өлке тарихы туралы материалдар жинақтауды үйренеді.

Қазіргі таңда Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдараламық мақаласы аясында туристік-өлкетану ісін жандандыру, бұрынғы жер-су атауларының шығу тегін зерттеп, қалпына келтіру, халыққа көп танымал емес бай мұраны жинастыру, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға алу ісі қолға алынды. Жергілікті жерлерде облыс, аудан Өлкетану мұражайлары жұмыс істей бастады. Қазақстанның әр өлкесіне арнайы ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру да ілгері дамып келеді. Осылай ірі шараларға қатынасу туристік-өлкетану үйірмелерінен бастау алады.

**Бағдарламаның мақсаты** – мектеп жасындағы балалардың туристік-өлкетану үйірмесі арқылы, өзің жұмыстарға баулу, интелектуалдық және шығармашылық мүмкіншілігімен өзінің жұмысына баға бере алатын тұлға қалыптастыру.

Азаматтық пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу, тұған өлкенің табиғатын аялауға, мәдени, рухани мұраларды танып білуге және оларды қадірлей білуге, тұған жеріміздегі танымал тұлғаларды дәріптеп, олардың шығармашылықтары мен жұмыстарын үлгі тұту. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, салауатты өмір салтын ұстануды көздейді.

### Бағдарламаның білімділік мақсаты:

Белгілі бір өнірдің табиғат байлықтарын сактау, өлке мен сол өлкеден түлеп ұшқан адамдардың өмірімен, тарихи тұлғалар туралы білімдерін кеңейту, іздеңстіру-зерттеу жұмысының негіздерін үйрету, өзіндік қорытынды, түйін жасауға баулу.

1. жеке тұлға қалыптастыру, Еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, өзінің тұған өлкесі тарихына деген қызығушылығы мен патриотизмді көтеру, мамандық таңдауға баулу (эколог, өлкетанушы, зерттеуші, жазушы, журналист т.б.)
2. тарихи дерек көздерімен, ғылыми-ақпараттық әдебиеттер мен баспа беттерімен жұмыс жасауды менгеру;
3. тұған өлке тарихын өз бетімен оқып үйренуге құлышының дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілетін өз бетінше іздеңстіру-зерттеу жұмысына үйрену арқылы туристік жұмыстардың дағдыларын игеру.

### Бағдарламаның тәрбиелік мақсаты:

- тұған өлке табиғатын деген қызығушылықтарын арттыру;
- тұған өлкенің ахуалымен танысу;
- салауатты өмір салтын насиҳаттау;

### Бағдарламаның дамытушылық мақсаты:

Бағдарлама бойынша жүргізілген сабактардың нәтижесінде мектеп оқушылары өлкенің мәдениеті, салт-дәстүрі соның ішінде ұмыт қалған, тарихымен танысады. Мектеп

окушылары экскурсия, жорық барысында іздестіру – зерттеу жұмыстарын үйімдастырып, тарихи ескерткіштерді ажырата біліп, туған өлкенің экологиясын, тарихын өз бетімен окуға деген құлышынысын дамыту, окушылардың шығармашылық қабілеттерін көтеру, туристік-өлкетану экспедициялары мен жарыстарға қатысу арқылы шеберліктерін шындау.

### **Бағдарламаның негізгі міндеттері:**

Оқыту негізі өлкетанулық білім беру:

- окушылардың алған білімін жеңіл қабылдауы;
- зерттеу мен сараман жұмыстарына үйрету;
- өлкенің ерекшеліктерін жетік білу;
- өлкетану бағытында білім алу;

### **Бағдарламаның ерекшелігі:**

бағдарлама өлкетану қызметі – туған өлке арқылы окушыларға еліміздегі табиғи, рухани байлықтарымызды танып-білуге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуге, қоршаған органды кең көлемде тануға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламада туристік-өлкетану, экологиялық жорықтар, саяхаттар окушыларды Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде, окушылардың көзқарасын кеңейтуге бағытталған. Сондай-ақ үйірме мүшелерін жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне қарай екі топқа бөліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу да көзделген.

Оқыту бағдарламасын жүзеге асыруда балалар жасы 12 – 13 жас аралығы, бұл аралықта окушының белсенділігі жоғары, біліп тануға деген қызығушылығы кең болып табылады. Өз өлкесінің табигаты мен тарихына терендірек көз жүгіртіп, білімге деген күштарлығы артта түседі.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі:**

қосымша білім беру бағдарламасы – 1 оку жылына қарастырылған.

1 оку жылы – 144 сағат, аптасына 4 сағат.

### **Сабактың түрі мен тәртібі:**

Үйірме сабактары негізінен – даралап, жекелей, шағын топтар және көпшілік топтар болып жүргізіледі. Сабакта ойын, психологиялық жаттығу тренингтері пайдаланылады. Жорыққа шығу арқылы өз өлкесін танып-білуге, қорғауға тәрбиеленеді.

**Сабактың мерзімі:** сабак келісілген сабак кестесі арқылы жүргізіледі.

Сабак аптасына 2 рет 2 сафаттан үйімдастырылады. Окушылар саны -15.

**Оқу тәжірибелің жүзеге асуы:** Окушылар қызығушылығы артып, қабілетіне қарай мамандық таңдауына, өмірден өз орнын табуына ықпал етеді.

### **Бағдарламаның қысқаша мазмұны:**

Бағдарлама бойынша үйірме мүшелері өлкенің тарихымен, мәдениетімен танысады, сарамандық сабактар бойынша жұмыс жасау тәсілдерін үйренеді. Окушылар экскурсия және жорық кезінде мұражай жұмысымен танысып, оны жетік менгереді, тарихи ескерткіштерді кайда орналасқаны туралы толық ақпарат алады. Конкурстар, танымдық бағдарламалар, ашық сабактар өткізу барысында окушының танымдық қабілеті тереңдеп дамиды.

Туған өлке тарихымен, Қазақстан халқының этностық жағдайымен танысып, туған өлкеден шыққан қайраткерлердің шығармалары бойынша сарамандық сабактар барысында презентация дайындауды. Тарихи ескерткіштерге сипаттама беріп олар туралы мәліметтерді зерттеуді үйренеді. Іздестіру-зерттеу жұмыстары, білім-біліктілік дағдысын қалыптастырады. Картография туралы алған теориялық білімдерін практика жүзінде қалай жүргізілетініндігі көрсетеді. Сонымен қатар, окушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі арқылы өзінің болашаққа деген сенімі артады.

## Күтілетін нәтиже

Бағдарлама бойынша жүргізілген сабактардың нәтижесінде үйірме қытысушылары:

- жеке тұлға болып қалыптасу;
- оқушылар өлкетану курсы аясында туған жердің тарихи, табиғи ескерткіштерін танып білу;
- туристік-өлкетану зерттеулерді толық менгеру;
- танымдық деңгейі жоғары деңгейін көтеру;
- тарихты, өлке тарихын толық сезіп, танып барып өз бетінше оқудың, зерттеудің қажеттілігін білуі, зерттеуді өз бетінше жалғастыру;
- табиғат ресурстарын тиімді пайдаланып және болашақ ұрпақтың тағдырына жауапкершілікпен қарау екенін түсіндіру;
- болашақта мамандық таңдауда баулу;

## Жоспары

№	Тақырыбы	Сағат			Откізу уақыты	Ескерту
		барлығы	теория	практика		

### *Тәуелсіз Қазақстан (16 сағат)*

1	Өлкетану ғылымы дегеніміз не?	2	2	-	18.09	
2	Қазақстанның табиғаты және оның ерекше аймақтары	2	2	-	20.09	
3	Тұғыры биік – елім менің	2	2	-	25.09	
4	Қазақстанның тарихи жерлері	2	2	-	27.09	
5	Туған өлке табиғаты. 1 күндік жорық	8	-	8	02.10	

### *Тұган жерім тұңған шежіре (38 сағат)*

6	Бәйтерек ауданының тарихы	4	2 2	- -	16.10 18.10	
7	Туризм музейіне экскурсия	4	-	4	23.10	
8	Бәйтерек ауданының табиғаты	8	2 2 - -	- - 2 2	30.10 01.11 06.11 08.11	
9	Бәйтерек ауданының топонимикасы	6	2 2 -	- - 2	13.11 15.11 20.11	
10	Тарихи-мәдени ескерткіштер	4	2 -	- 2	22.11 27.11	
11	Еңбегі үлгі - жерлестер	6	2 2	2	29.11 04.12 06.12	
12	Аудандық музейге экскурсия	4	-	4	11.12	
13	Тәуелсіздік - елімнің тірегі	2	2		18.12	

**БҚО мәдениеті және өнер, білім қайраткерлері (50 сағат)**

14	Батыс Қазақстан облысының географиялық жағдайы	6	2	2 2	20.12 25.12 27.12	
15	БҚО батырлары, өнер, білім қайраткерлері.	6	2	2 2	30.12 06.01 08.01	
16	Тарихи ескерткіштер, ел тарихы	6	2	2 2	10.01 15.01 17.01	
17	Өлкетанулық зерттеулер жүргізу әдістері	8	2	2 2 2	22.01 24.01 29.01 31.01	
18	Ескерткіштер сыр шертеді	8	2	2 2 2	05.02 07.02 12.02 14.02	
19	Күй атасы - Құрманғазы	2	2		19.02	
20	Ақын-жазушылар, әдебиет туындылары	6	2	2 2	21.02 26.02 28.02	
21	БҚО болған белгілі тұлғалар	8	2	2 2 2	05.03 07.03 12.03 14.03	

**Туризм негіздері (20 сағат)**

22	Жасанды жартасқа өрмелей	4	-	2 2	19.03 25.03	
23	Туристік байlam	4	-	2 2	26.03 28.03	
24	Спорттық бағдарлау	4	2	- 2	02.04 04.04	
26	Азимут және компаспен жұмыстану	4	2	- 2	09.04 11.04	
27	Жергілікті жердегі ескерткіштерге экскурсия	4	-	4	16.04	

**Туристік – өлкетану зерттеулері (20 сағат)**

28	Туған өлкө табиғатын зерттеу.	6	2	- 2 2	23.04 25.04 30.04	
29	Туристік жорық барысында зерттеулер жүргізу	2	-	2	02.05	
30	Топтық жорық.	8	-	8	06.05	
31	Жорықтың есебін дайындау	4	2	- 2	21.05 23.05	

**Барлығы**

**144**

**58**

**86**